

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«№4 Алға орта мектебі» КММ**

Баяндама тақырыбы: Бейіндік пәндерді оқыту бойынша ұйымдастыру жұмыстары

Мерзімі: 19.03.2025ж.

Сөз алушы: директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Муканова

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ҚР жалпы орта білім берудің мақсаты – бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Бейіндік оқыту дегеніміз кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі. Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басқарушы ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық бейіндік оқыту бағыттарын анықтау, ұйымдастырылатын бейіндік оқыту моделі оқу орнының білім беру процесін ұйымдастырудағы мүмкіндіктеріне сәйкестендіріліп, оқытуды саралап жіктеумен қамтамасыз етуде сыртқы серіктестіктерді қатыстыру мен аймақтың күш-қуатын ескеру, бейіндік оқытуды іске асыру оқытудың тиімді технологияларын енгізу ұстанымдарын басшылыққа алады.

3.«Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету туралы қысқаша ақпарат

Демеушілік еткен:

- «Омар» сауда үйі 5 оқушы, қаражат көлемі 100.000 теңге
- «Алға жастар ресурстық орталығы» 1 оқушы қаражат көлемі 20.000 теңге
- «АЛҒА - ЖЫЛУ» КМК мекемесі 2 оқушы, қаражат көлемі 80.000 теңге
- «Мегаком» дүкені 2 оқушы, қаражат көлемі 102.100 теңге
- Алға қаласы әкімдігі 1 оқушы, қаражат көлемі 10.000 теңге
- «Алға аудандық ауруханасы» 1 оқушы, қаражат көлемі 10.000 тг
- Мектебіміздің мұғалімі Отаралина Амангуль 1 оқушы, 5000 теңге
- Алға аудандық Хазрет Мұхаммедқазы Мендікұлұлы мешіті 5 оқушы, қаражат көлемі 50.000 теңге
- Алға аудандық «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі

орталығы» КММ. 1 оқушы, қаражат көлемі 15.000 теңге

4. Ағымдағы мәселелер. Мектептің ішкі мәдениетін дамытудың маңызды бағыттарының бірі – бірыңғай мектеп формасына көшу. Оқушылар үшін бірыңғай мектеп формасы – бұл әлеуметтік теңсіздік пен бәсекелестікті болдырмай, тәртіпті нығайтуға көмектесетін, балалар мен жасөспірімдер арасындағы еліктеушіліктің алдын алатын және ата-аналарға қолжетімді заманауи үлгідегі киім ұсынуға арналған.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес алдағы 2025-2026 оқу жылында оқушыларға арналған бірыңғай мектеп формасын жаңарту мәселесін қарау және талқылау ұсынылды.

Ұлдар үшін:

- Қара түсті шалбар
- Ақ түсті жейде (ұзын/қысқа жеңді)
- Сұр түсті жакет

Қыздар үшін:

- Қара түсті белдемше (ұзындығы тізеден 5 см жоғары болмауы тиіс)
- Ақ түсті жейде (ұзын/қысқа жеңді)
- Сұр түсті жакет